Тайынша таңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 8 (918) 24 ақпан 2023 жыл

facebook.com/tainsha.tany | http://tainshatany.kz | tainsha_tan@list.ru

19 наурыз 2023 ПАРЛАМЕНТ МӘЖІЛІСІ ЖӘНЕ МӘСЛИХАТТАР САЙЛАУЫ

ӘДІЛ САЙЛАУДЫҢ АЛҒЫШАРТЫ

Солтүстік Қазақстан облысында Орталық сайлау комиссия төрағасының орынбасары Константин Петров пен комиссия мүшесі Сабила Мұстафинаның қатысуымен көшпелі семинар-кеңес өтті. Іс-шараға аумақтық, аудандық сайлау комиссияларының мүшелері, саяси партиялардың мүшелері, жергілікті билік және БАҚ өкілдері қатысты.

Іс-шараны өткізудегі басты мақсат – Парламент Мәжілісі мен мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауға дайындықты пысықтап, саяси бәсекені өткізу бойынша туындаған мәселелер мен сұрақтарды тиісті мекемелермен бірге шешу. Семинарды ашқан аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Асқар Сақыпкереев облыстың кезектен тыс сайлауға дайындығы және бүгінге дейін атқарылған жұмыстар туралы баяндады. Баяндамада Парламент Мәжілісіне депутат сайлайтын №24 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша 18 ақпанда тіркеу аяқталып, бір орынға үміткер ретінде 13 адам тіркелгені айтылды.

Өз кезегінде ОСК төрағасының орынбасары Константин Петров үгіт-насихат жұмысы қалай басталғанын және көшпелі семинар-кеңесті өткізудің мақсаты туралы баяндады.

– Биылғы сайлаудың бір ерекшелігі – саяси дода кезектен тыс өткізіліп отыр. Парламент Мәжілісінің VIII шақырылымы болып саналатын сайлау мажоритарлық және партиялық тізім болып, екі жүйеде өткізіледі. Қазір депутаттыққа кандидаттардың тіркелуі республика бойынша толық аяқталды. Астана қаласында №2 бірмандаттық сайлау округі бойынша 42 адам тіркелді. Бұл – республикадағы ең жоғары көрсеткіш. Осының өзі азаматтарымыздың арасында бұрын болмаған белсенділікті көрсетіп отыр. Бірақ бұл бізге қосымша жауапкершілік жүктейді, – деді К.Петров. Одан әрі К.Петров жаңадан енгізілген тәртіпті қарастырып, туындауы мүмкін мәселелерді қалай шешуге болатынын талқылау үшін көшпелі семинар-кеңес ұйымдастырылып отырғанын айтты. Сондай-ақ комиссия төрағасының орынбасары биылғы науқанның қаржылық шығындары барынша ашық болатындығы ескерілгенін жеткізді. Осыған байланысты ОСК-ның осы мәселе бойынша барлық сұраққа жауап беруге әзір екенін де атап өтті. Семинар барысында байқаушылардың жұмысына енгізілген өзгерістер, ҮЕҰ қатарынан тіркелетін барлық байқаушыға кедергі болмайтыны туралы да айтылды.Сонымен қатар ОСК төрағасының орынбасары бірмандаттық сайлау округінен сайланған депутатты кері шақырып алу тәртібі қайта енгізілгенін түсіндіріп өтті.

– Егер депутат өз міндетін орындамады деген сайлаушылар болса, оны қайта шақырып алу жөнінде бастама көтере алады. Бұл үдеріске жеке адамдардың да бастамашы болу мүмкіндігі қарастырылған, – деді ол.

Жиында сайлау комиссияларының материалдық-техникалық жарақтандырылуы туралы облыс әкімі аппаратының жетекшісі Олжас Ыдырысов баяндады. Семинар-кеңестің соңында аумақтық, аудандық сайлау комиссияларының мүшелері өздерін толғандырған сұрақтарға жауап алды.

Жақсыбай САМРАТ,
журналист, қоғам қайраткері.

ХАЛЫҚ СЕНІМІ – БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Еліміз жаңа саяси бетбұрыстың алдында тұр. 19 наурыз күні өтетін Парламент Мәжілісі және мәслихат депутаттарының кезектен тыс сайлауы – осы бағыттағы үлкен қадам болмақ. Саяси додаға түсуге бел буған жеті партия құрылтайларын өткізді. Кандидаттар ресми тіркелді. Нағыз саяси тартыс енді қыза түспек. Үгіт-насихат кезеңі басталысымен, үміткерлер жұрттың алдына шығып, сайлауалды бағдарламаларымен таныстырып жатыр. Іске сәт!

Демократиялық негіздерге бағытталған сайлау нәтижесі мемлекетіміздің тұғырын нығайтып, халқымыздың әл-ауқатын жаңа деңгейге көтеруге сеп болар деген сенім мол. Себебі халық үлкен өзгерістерден сапалы нәтиже күтеді. «Бұл ән бұрынғыдан өзгерек» демекші, бұл сайлаудың ерекшелігі көп. Саяси науқан нағыз Жаңа Қазақстанның алғашқы көрінісі деуге толық негіз бар. Себебі енді халық қалаулылары пропорционалды-мажоритарлық жүйе бойынша сайланады. Бұл үрдіс елімізде саяси бәсекелестік ортаны қалыптастырып, жаңа тұлғалардың саясатқа араласуына жол ашатыны анық. Елдің болашағына бейжай қарамайтын, саяси оқиғаларды ақылмен саралайтын азаматтар өзін-өзі ұсынып, додаға түсіп жатыр.

Саяси тартыс басталып кетті. Қайда барсаң да, елдің аузында сайлау жайлы әңгіме. Партиялық тізімдерін өткізген еліміздегі барлық 7 партия әр дауыс үшін күресуге ниетті. Жаңадан тіркеліп, саяси аренаға енді қадам басқан партиялардың өзі халықтың ыстық ықыласына, зор сеніміне ие болатынын айтып, бәсекелестіктің шоғын үрлей түсті. Жақтастары көп, бұған дейінгі сайлауларда мол тәжірибе жинап үлгерген партиялар да қарап қалмасы анық. Не десек те, әр дауыс ауадай қажет. Ол үшін халықтың сеніміне ие болу маңызды.

Орталық сайлау комиссиясының кезекті отырысында саяси науқандағы маңызды мәселелер талқыланды. ОСК төрағасы Нұрлан Әбдіров сайлау үдерістеріне елеулі қоғамдық қызығушылық пен белсенділік, сондай-ақ ағымдағы сайлау науқанында жоғары бәсекелестік азаматтарға өзін өзі ұсынуға мүмкіндік беретін сайлау заңнамасының жаңалықтарымен ерекшеленетінін атап өтті.

Парламент Мәжілісі мен мәслихаттарының депутаттығына кандидаттарды бірмандаттық округтер бойынша тіркеу қорытындылары туралы Орталық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Константин Петров баяндама жасады.

Ол 29 бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша Парламент Мәжілісінің депутаттарын сайлау бойынша 609 кандидат ұсынылғанын хабарлады. Атап айтқанда, 7 саяси партиядан 79 кандидат, төрт қоғамдық бірлестіктен 5 кандидат тіркелді, ал 525 үміткер немесе кандиттардың 86,21%-ы өзін-өзі ұсынушылар болды. 29 сайлау округі бойынша Парламент Мәжілісінің депутаттығына кандидаттарды тіркеу қорытындылары келесідей: 435 кандидат тіркелді, яғни бір мандатқа 15 адамнан келеді. Ең жоғары бәсекелестік Астана қаласында, бір мандатқа 41 және 42 кандидаттан, сондай-ақ Алматы қаласында бір мандат үшін 37, 33, 34 кандидаттан тіркелген. Ең азы – Түркістан облысының №25 округінде тіркелді, олардың саны 5 кандидат.

Өзін-өзі ұсыну тәртібімен 359 кандидат тіркелді, бұл жалпы тізімнің 82,53%-і, саяси партиялардан 76 кандидат өтіп, 17,47% болды. Тіркелген кандидаттардың 350-і немесе 80,46%-ы ерлер, 85-і немесе 19,54%-ы әйелдер. Орташа жасы – 49,34 жас. Кандидаттар арасында 10 этностың өкілдері бар.

Аудандық сайлау комиссиялары ұсынған мәліметтер негізінде ұсынылған 609 кандидаттың 45-і тіркелгенге дейін жеке өтініштері негізінде алынып тасталғаны, 435 кандидаттың тіркелгені, 125 кандидатқа тіркеуден бас тартылғаны және 4 кандидаттың тіркелуі жойылғаны анықталды.

Мәслихаттар депутаттарын сайлау жөніндегі аумақтық сайлау комиссияларының мәліметтеріне сәйкес бір мандатқа 10 288 кандидат немесе 3-тен астам адам тіркелді: облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және Астананың 334 бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша мәслихаттарға үміткер болып

1 451 кандидат тізімге енді, қалалық мәслихаттар депутаттарын сайлау бойынша 2 114 кандидат, аудандық мәслихаттарға 6 723 кандидат тіркелді. 6 359 кандидат немесе 61,81% өзін-өзі ұсыну тәртібімен, 3 929 кандидат немесе 38,19% әртүрлі саяси партиялар мен басқа да қоғамдық бірлестіктер атынан саяси додаға түсіп отыр. Тіркелген кандидаттардың 7494 немесе 72,84%-ы ер адамдар, 2794 немесе 27,16%-ы әйелдер. Орташа жасы – 42, 64 жас. Кандидаттар арасында 39 этностың өкілдері бар.

Сондай-ақ отырыс шеңберінде аумақтық сайлау комиссияларының ағымдағы науқанның барысы және бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттығына кандидаттарды тіркеу қорытындылары туралы есептері тыңдалды.

ОСК төрағасы кандидаттарды тіркеу рәсімдері конституциялық нормаларға сәйкес жариялылық және ашықтық қағидаттарында жүргізілгенін атап өтті. Сайлау комиссиялары азаматтардың конституциялық құқықтарын іске асыру үшін қажетті шаралар қабылдады.

Нұрлан Әбдіров күн тәртібіндегі екінші мәселе Парламент Мәжілісі мен мәслихаттарының депутаттығына кандидаттың сайлау алдындағы үгітті жүргізуге жұмсайтын шығыстарының мөлшерін белгілеумен байланысты екенін айтты.

Осы мәселе бойынша Орталық сайлау комиссиясының мүшесі Сәбила Мұстафина баяндама жасады. Ол «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 28-бабының 3-тармағына сәйкес мемлекет кандидаттарға өз бағдарламаларымен шығу үшін қаражаттың тең бөлінуіне кепілдік беретінін хабарлады. Қаражат бөлу тәртібі мен көлемін Орталық сайлау комиссиясы айқындайды.

Осылайша, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидаттар үшін партиялық тізімдер бойынша кандидаттардан басқа шығыстар мөлшері 950 мың теңге көлемінде белгіленеді. Оның 450 мың теңгесі теледидардан және радиодан бағдарламаларымен сөз сөйлеуге, сондай-ақ мерзімді баспа немесе желілік басылымдарында 2 мақала жариялауға, 300 мың теңгесі сайлау алдындағы жария іс-шараларды өткізуге және үгіт материалдарын шығаруға, 200 мың теңгесі көлік шығыстарына арналған.

Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана мәслихаттарының депутаттығына кандидаттар үшін партиялық тізімдер бойынша кандидаттардан басқа 550 мың теңге көлемінде шығыстар мөлшері белгіленеді. Оның ішінде: 350 мың теңге – теледидардан және радиодан бағдарламаларын таныстырып сөз сөйлеуге, сондай-ақ мерзімді баспа немесе желілік басылымдарында 2 мақала жариялауға, 130 мың теңге – сайлау алдындағы жария іс-шараларды өткізу және үгіт материалдарын шығаруға, 70 мың теңге – көлік шығыстарына жұмсалады.

Қалалық мәслихаттардың депутаттығына кандидаттар үшін шығыстар мөлшері 350 мың теңге көлемінде белгіленеді. Оның ішінде: теледидардан және радиодан бағдарламаларымен сөз сөйлеуге, сондай-ақ мерзімді баспа немесе желілік басылымдарында 2 мақала жариялауға – 200 мың теңге, сайлау алдындағы жария іс-шараларды өткізу және үгіт материалдарын шығаруға – 100 мың теңге және көлік шығыстарына – 50 мың теңге бөлінеді.

Аудандық мәслихаттардың депутаттығына кандидаттар үшін 350 мың теңге көлемінде шығыстар мөлшері белгіленеді. Оның ішінде: теледидарда және радиода бағдарламаларымен сөз сөйлеуге, сондай-ақ мерзімді баспа немесе желілік басылымдарында 2 мақала жариялауға – 200 мың теңге, сайлау алдындағы жария іс-шараларды өткізу және үгіт материалдарын шығаруға – 100 мың теңге және көлік шығыстарына – 50 мың теңге қарастырылған.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша Орталық сайлау комиссиясының хатшысы Мұхтар Ерман сөз сөйледі.

Ол халықаралық байқау институты ашылғаннан бері 10 шет мемлекет пен 3 халықаралық ұйымнан 82 байқаушы аккредиттелгенін хабарлады. Бүгін аккредиттеуге 1 шет мемлекет пен 1 халықаралық ұйымнан 15 байқаушының кандидатуралары ұсынылды. Олардың арасында Иран Ислам Республикасынан 1 байқаушы және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының байқаушылар миссиясынан 14 кандидатура бар.

Оралхан АХМАДИЯ,
portal@egemen.kz

БИЫЛ КІМДЕР ДЕКЛАРАЦИЯ ТАПСЫРАДЫ

Қазақстан жалпыға бірдей декларациялау жүйесіне енді. Осылайша, осы жылдың 1 қаңтарынан бастап мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік секторлардың қызметкерлері өз табысы және мүлкі туралы декларация тапсыруы тиіс.

Жалпы, 15 шілдеге дейін декларацияны қағаз түрінде ұсынуға мүмкіндік бар. Ол үшін мемлекеттік кірістер органына немесе халыққа қызмет көрсету орталығына жүгіну қажет. Ал электронды түрде толтыру мерзімі 15 қыркүйеккедейін жалғасады. Бүгінгі таңда азаматтар үшін декларацияны онлайн толтыру тиімді болып отыр. Бұл ретте cabinet.salyk.kz, egov.kz порталдарын немесе «Esalyq Azamat» мобильді қосымшасын пайдалануға болады. Атап өтер болсақ, жалпыға бірдей декларациялауды енгізу сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға жол ашпақ. Осылайша, елімізде 2024 жылы заңды тұлға өздерінің кірістері мен мүліктері туралы есеп берсе, 2025 жылдан бастап барлық жеке тұлғалар деректерін мәлімдейді.

Еске салайық, Қазақстанда тиісті санаттағы азаматтардың декларацияны ұсынбағаны, есеп беру мерзімін бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік көзделген. Алдымен декларацияны тапсырмаған немесе тапсыру мерзімін кешіктіргендерге ескерту жасалады. Егер бұл әрекетін бір жыл ішінде қайталайтын болса, 15 айлық есептік көрсеткіш шеңберінде айыппұл салынады.

Ал жеке табыс салығы бойынша декларацияда толық әрі анық емес мәліметті ұсынар болсаңыз, мұнда ескерту беріледі. Кейін 3 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынуы мүмкін.

Дәрігерлер мен мұғалімдер есеп береді

Қазақстанда жалпыға бірдей декларация тапсыру міндеті 2021 жылы енгізілген болатын. Бастақыда лаузымды мемлекеттік қызметкерлер, мемлекеттік функцияны орындауға уәкілетті және оларға теңестірілген адамдар өз кірісін жариялауға міндеттелді. Жұбайларына да дәл сондай талап қойылған.

Ал 2023 жылдың қаңтарынан бастап оларға тағы бірқатар қызметкер қосылды. Олар: мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері (білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт және тағы басқа салалар) және олардың жұбайлары;

квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жұмыскерлері және олардың жұбайлары.

Осылайша, биыл дәрігерлер, мұғалімдер, спорт пен мәдениет қызметкерлері, сондай-ақ, ұлттық компаниялар мен басқарушы холдингтердің мамандары декларация тапсыруға міндеттеледі. Қандай декларацияны толтыру керек

Жалпыға бірдей декларация тапсырудың бастапқы сатысында барлығы активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны (250.00 формасы) толтырып тапсырады. Оны бір рет қана ұсынады. Артынан жыл сайын кіріс пен мүлік туралы декларацияны (270.00 формасы) жіберіп отыру қажет. Сонда салық органдары түскен табысты қарап, бұған дейінгі декларациямен салыстырып отырады.

250 формасында қандай мәліметтер көрсетіледі

Алғашқы декларацияда біраз мәліметті көрсету керек. Олар:

Қазақстаннан тыс жердегі мүлік (жылжымайтын мүлік, жер учаскелері, теңіз және әуе кемелері, көлік мен арнайы техника, тіркеуіштер, шетелдегі банктерде жатқан ақша, заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы үлес);

Қазақстандағы мүлік (тұрғын үй құрылысындағы үлес, бағалы қағаздар, инвестициялық алтын, зияткерлік меншік нысандары, авторлық құқық, қолма-қол ақша, кредиттік қарыздар);

Сенімгерлік басқаруға берілген мүлік (жылжымайтын және жылжымалы мүлік, жер телімдері, үйлер, саяжайлар, көліктер).

Үйде қанша ақша сақтауға болады

Бастапқы декларацияда айлық есептік көрсеткіштің 10 000 еселенген мөлшерінен (30 630 000 теңгеден) аспайтын сомасы көрсетіледі. Оны үйде сақтауға болады Ал жеке тұлғаның қолма-қол ақшасы ол сомадан артық болса, онда оны 2022 жылдың 31 желтоқсанына дейін банктегі есепшотқа салып қою қажет.

Декларацияны қай уақытқа дейін тапсыру керек

Заң бойынша декларация тапсырудың екі мерзімі бар. Олар:

декларация қағазбен тапсырылса, оны 15 шілдеден кешіктірмей апару қажет;

электронды форматта – 15 қыркүйекке дейін; Декларация электронды құжатпен мемлекеттік кірістер комитетінің «Салық төлеушінің кабинеті» (cabinet.salyk.kz), электронды үкімет (egov.kz), сондай-ақ, eSalyq azamat мобильді қосымшасы арқылы жіберуге болады. Ал қағазбен тапсырылса, салық органына, ХҚКО-ға немесе поштаға бару керек.

Декларацияны тағы кімдер тапсырады

Қазақстанның Салық кодексіне сәйкес, жалпыға бірдей декларация тапсырудың төрт кезеңі қарастырылған. Биыл екінші кезең, келесі жылы үшінші кезең басталады.Соның аясында заңды тұлғалардың құрылтайшылары, басқарушылары және олардың жұбайлары, жеке кәсіпкерлер мен олардың жұбайлары декларация тапсырады. Ал 2025 жылы төртінші кезең енгізіледі. Сол кезде халықтың басқа да санаттары мүлік пен ақша туралы есеп беруге міндеттеледі.

БІЛІМ ОРДАЛАРЫНДА БАҚЫЛАУ КҮШЕЙТІЛМЕК

Облыстық әкімдікте өткен жедел кеңес отырысында мектептердегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету, әлеуметтік маңызы бар өнімдерге бағаны тұрақтандыру мәселелері қаралды. Өңір басшысы Айдарбек Сапаров 2019 жылмен салыстырғанда тұрақтандыру қорының айналым қаражаты 300 миллион теңгеден 3,6 миллиард теңгеге дейін ұлғайғанын атап өтті. Бірақ 37 сауда орны ғана тартылып отыр.

Облыс әкімі бұл бағыттағы жұмыстарды жетілдіріп, сауда нүктелерін көбейтіп, бірінші қажетті азық-түлік өнімдерімен жеткілікті түрде қамтамасыз етуді, сондай-ақ қарақұмықтың егіс алқабын үш есеге дейін ұлғайтып, дәнді дақылдарды өңдейтін кәсіпорындар ашуды тапсырды.Кеңесте тұрғындардың табысын өсіру мәселелері де талқыланды.Өңір басшысы бірінші жартыжылдықта зауыттардағы бос жұмыс орындарын азайтуды тиісті орындарға жүктеді. Қазір дәнекерлеушілер мен токарьлар жетіспейді. Құрылыс саласында да мамандар тапшы. Тас қалаушыларды қайта даярлау үшін қысқамерзімді курстар ашу қажет.

Айдарбек Сапаров облыс орталығындағы №4 мектепте орын алған оқыс жағдайдан кейін бақылауды күшейтуді міндеттеді. "Аудан әкімдеріне мектеп директорларымен кеңес өткізуді тапсырамын. Барлық мәселелерді қатаң бақылауда ұстаңыздар. Мектептерді арнайы күзетпен қамтамасыз ету қажет. Байқауларды жедел өткізіңіздер", – деді өңір басшысы.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі.

ХАЛЫҚТЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ САЛАМАТТЫЛЫҒЫ САЛАСЫНДАҒЫ БАҚЫЛАУ

Қазіргі уақытта мемлекеттік қызметтер көрсету мемлекеттік органдар қызметінің маңызды және стратегиялық міндеті болып табылады. Көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру мақсатында негізгі бағыттардың бірі барлық қызметтерді электрондық форматқа көшіру болып табылады. Мемлекеттік қызметтерді сапалы көрсету мәселесінің өзектілігі мемлекеттік қызметтер адам өмірінің барлық салаларын және бүкіл кезеңін қамтитындығымен түсіндіріледі. Жыл сайын мемлекеттік қызметтер сұранысқа ие болып келеді. Бұл салаға қызығушылықтың артуы оны заңнамалық деңгейде реттеу қажеттілігіне әкелді. Бұл мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.Мемлекеттік қызметтерді алуға өтініш беру рәсімін оңайлату мақсатында көптеген мемлекеттік қызметтер бойынша www.egov.kz. «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы электрондық өтінім арқылы өтініштер беру көзделген.Бұл функция ЭЦҚ бар барлық интернет пайдаланушыларына қолжетімді.Қазіргі уақытта халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы мынадай мемлекеттік қызметтер көрсетеді:

1) «Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге және гигиеналық нормативтерге жоғары эпидемиялық маңызы бар объектінің сәйкестігі (сәйкес еместігі) туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру»;

2) «Тамақ өнімдерін өндіру (дайындау) объектісіне есептік нөмір беру»;

3) «Қоршаған ортаға, санитариялық-қорғау аймақтарына, шикізат пен өнімге зиянды заттар мен физикалық факторлардың шекті жол берілетін шығарындылары мен шекті жол берілетін төгінділері жөніндегі нормативтік құжаттама жобаларына санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру».

Осы бапта көрсетілген хабарлама «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен беріледі.

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылауға және қадағалауға жататын жоғары эпидемиялық маңызы бар объектілердің толық тізбесімен және елеусіз эпидемиялық маңызы бар объектілермен «Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылауға және қадағалауға жататын өнімдер мен эпидемиялық маңызы бар объектілердің тізбесін бекіту туралы» 2020ж. 30.11. №ҚР ДСМ-220/2020 бұйрығы «Әділет» ЖЗШ-да танысуға болады.

Осы мемлекеттік қызметтер (эпидемиялық маңызы жоғары объектінің сәйкестігі (сәйкессіздігі) туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алу, эпидемиялық маңызы шамалы объектінің қызметінің басталғаны және тоқтатылғаны туралы хабарлама) электрондық форматта көрсетіледі, бұл өз кезегінде көрсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік органдармен тікелей байланысын толығымен жояды.

Жұлдыз МӘДИЕВА,
«Тайынша аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ статистигі.

Айсұлу ШАЙКЕНОВА:

«ШЕТЕЛДЕ АЛҒАН ТӘЖІРИБЕМДІ ЖАС ЖУРНАЛИСТЕР САНАСЫНА СІҢІРГІМ КЕЛЕДІ»

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті журналистика кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты Айсұлу Шайкенова "Болашақ" Халықаралық бағдарламасыменен АҚШ-тың Нью-Йорк киноакадемиясында 8 айлық тағылымдамадан өтіп келді. Шетелде білімін жетілдіріп, мол тәжірибе алған ұстаз бүгін көрген-білгенін студенттеріне үйретуде. Үнемі ізденіс үстінде жүретін, мақсат пен еңбекті ұштастыра білген білікті маманды әңгімеге тартқан едік.

– Айсұлу Жақсылыққызы, сіз журналистика саласына қалай келдіңіз?

– Мен Ақмола облысының тумасымын. Зеренді ауданындағы Ортағаш деген ауылда апайымның бауырында өстім. Сол жерде 6-сыныпқа дейін білім алып, кейін отбасылық жағдайға байланысты қалаға қоныс аудардық. Мұғалім мамандығын таңдауыма ұстазым әсер етті. Зүбайра Сәдуақасқызы маған орыс тілінен сабақ берген еді. Аса қамқорлықпен, мейірімділікпен мені баулыды, білгенін үйретті. Жақсы көрген адамыңа ұқсап бағуға тырысатының ертеден белгілі ғой. Сол кісінің қасында жүріп, 7-8 сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен республикалық олимпиадаларға қатысатындай деңгейге жеттім. Мектепті бітіргеннен кейін Қарағанды мемлекеттік университетіне орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі мамандығы бойынша оқуға түстім. Ол кезде диктантты 5-ке, сауатты жазсам да, орысшам шалағайлау еді. Емтихандарды қазақша тапсырдым. Бір орынға 20-25 абитуриент таласады, дені – кілең мықтылар. Сондықтан, әрине, қазақ тілінде ғана сөйлеп жүрген маған орыс тобының ортасына түсу жеңілге соқпады. Сол жерде оқып жүргенде Темірғали Оразғалиұлы Есембеков деген ұстазым болды, сол кісінің тілді жоғары деңгейде меңгеруіме көп көмегі тиді. Ол кісі менің рухани әкем сияқты, үнемі хабарласып тұрамын. Менің жанымнан үнемі жақсы адамдар табылды. Үлкендер қолдап-қолпаштап жүрді. Бірінші сыныпқа барғанда өзіме "мен күнде бес алуым керек" деп талап қойыппын. Бір күні бес деген баға ала алмай қалған мен мектептен кетпей, кеш қарайғанға дейін партада отырыппын. Үйіме еден жуатын әйел апарып тастапты. Менің өмірлік ұстанымым: "Қай салада жұмыс істеме, міндетті түрде нәтижелі еңбек ет!".

– Сіздің ұстаздық жолыңыз университетте басталды ғой.

– Иә, мен 10 жылдай студенттермен жұмыс істедім. Содан кейін жергілікті телеарналардың бірінен шақырту алып, диктор қызметін атқардым. Бұл менің журналистика саласымен жете танысуыма мүмкіндік берді. Бұл – үнемі ізденіс үстінде жүретін, өмірмен біте қайнасып жататын ерекше мамандық. Кейін университетке қайта оралып, ғалым-хатшы болып қызмет атқарып жүргенде, журналистика кафедрасы ашылатынын естіп, мен еш ойланбастан меңгерушілікке өз кандидатурамды ұсындым. Сол кездегі ректор мені қолдады, оған журналистикадағы азын-аулақ тәжірибем де себеп болған шығар. Жаңа қызметте бірқатар қиындық болды. Өйткені бұл мамандықтан айтарлықтай хабарым жоқ еді. Оны жан-жақты меңгеріп алу үшін көп оқыдым, жетекші мамандардың түрлі тренингтеріне қатыстым. Кейін медиасауаттылыққа байланысты оқу құралын жазуға грант жеңіп алуым, осы саланы зерттеп, саралауыма өте көп пайдасын тигізді. Қазір облыстарға шығып тренингтер өткізіп жүрмін. Одан кейін де жобаларға қатысып, гранттар жеңіп алдым. Мұның берері көп, адам соның нәтижесінде ізденеді, білім деңгейін көтереді. Қазір дата-журналистикамен айналысып, медиа-этиканы да қолға алдым.

– Сіз "Болашақ" бағдарламасымен АҚШ-та білім алдыңыз? Сол туралы кеңірек әңгімелеп беріңізші?

– Былтыр медиа және цифрлық медиасауаттылық бойынша 8 айлық тағылымдамадан өттім. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында 500 ғалымды әлемнің үздік жоғары оқу орындарында тағылымдамадан өткізуді тапсырған болатын. Сол мүмкіндік маған да бұйырды. Ғылыми-педагогикалық бағытта қызмет етіп жүрген БАҚ өкілінің бірі ретінде "Болашақ" бағдарламасына құжат тапсырып, сынақтан сүрінбей өтіп, стипендиат атандым. Іріктеу талабы өте жоғары болды. Бірінші кезекте қазақ тілінен тест тапсырдым. Одан әрі "Болашақ" бағдарламасының бірнеше кезеңнен тұратын сынақтарына қатыстым. Кезеңкезеңмен ұйымдастырылған сынға бар күш-жігерімді салып дайындалғаным рас. Бұл талпынысыма 2015 жылы Нидерланды мемлекетіне тағылымдамадан өту үшін "Болашақ" бағдарламасына қатысқаным көмегін тигізді.

Шетелде кадр даярлау жөніндегі республикалық комиссияның шешіміне сәйкес таңдалған 196 адамның арасынан өзімнің аты-жөнімді оқығанда қуанышымда шек болған жоқ, алға қойған мақсатымның бірі орындалды. "Болашақтың" арқасында, дәм тартып, Америкаға аттандым. Біз білім алған "Нью-Йорк фильм академиясының" бас ғимараты Нью-Йорк қаласының "жүрегі" Манхэттен ауданында орналасқан. Академия 1992 жылы "Оскар" сыйлығының иегері, танымал кино, театр және телевизия продюсері Джерри Шерлоктың ұйытқы болуымен актерлік шеберлік және кино мектебі ретінде жеке коммерциялық жоғары оқу орны болып ашылған. Онда фильм түсіру, сценарий жазу, кинематография, монтаж, документалды фильм, продюсерлік, 3D анимация және визуалды эффект, фотография, теле-радио журналистика, ойын дизайны сияқты мамандықтар оқытылады. Біз "Broadcast Journalism", яғни теле-радио журналистика бойынша білім алдық. Мақсатымыз – қазіргі білім беру жүйесіндегі жаңа технологияларды, жаңа әдіс-тәсілдерді үйрену болды. Монтаждың қыр-сырын меңгеріп, өзіміз түсірген фильмдерімізді өзіміз монтаждап машықтандық. NYFA-ны бітірген танымал қазақ қыз-жігіттері бүгінде абыройлы еңбек етіп жүр. Олардың қатарында кинорежиссер, мобилограф Қыран Талапбек, режиссер, продюсер, сценарист Асқар Бейсембин, кинорежиссер, сценарист Фархат Шәріпов, режиссер, клипмейкер Айсұлтан Сейітов, актрисалар – Әсел Сағатова мен Әлия Әнуарбек және т.б. бар.

– Біз деп отырғаныңыз, "Болашақ" бағдарламасы бойынша таңдалған журналистер болар. Олардың кім екендігін айтып өтсеңіз.

– Шынымды айтсам, шетелге сапардан бөлек, еліміздің белді журналистерімен, осы саланың майталмандарымен танысудың да мүмкіндігі туды. Бұл жолы "Нью-Йорк фильм академиясына" Қазақстаннан сегіз оқытушы бардық. Олар – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ журналистика факультетінен, белгілі журналист Жаңылхан Асылбекова, PhD докторы Айкерім Әлімжанова, аға оқытушылар Нұрлайым Данаева, Дәурен Мұхамеджанов, Л.Гумилев атындағы Еуразия университетінен PhD доктор Эльмира Ибраева, аға оқытушы Анель Шалқарбек, Т.Жүргенов атындағы өнер академиясының оқытушысы Мәдина Бакеева. Шетелде бір үйдің баласындай бірге жүрдік. Тобымызда Сауд Арабиясынан, Грекия және Ресейден келген студенттер де болды. Жобалық жұмыстар белгіленіп, әр-қайсысымыз өз идеямызды жетілдіріп, шығармашылықпен жұмыс істедік.

– Американдықтардың білім мен біліктілікті арттыру талаптары көңіліңізден шықты ма?

– Бізде теория жағына көп көңіл бөлу қалыптасып қалғаны рас, оларда тәжірибелік талаптар басты назарда. Техникалық базасына қарап тамсануға болады. Әр студент қалаған уақытында түсірілімге қажетті бейнекамераларды, жарық құралдарын ала алады. Бір үлкен зал толы жабдық. Тапсырма жанры бойынша нысанды таңдай аласың. Аудиториядан тыс түсірілім алаңдарында сабақ өтуге мүмкіндік бар. Біз телеарналардың архив базасында тарихи видеолар мәтіндеріне талдау жүргіздік. "The New York Times" газетінің редакциясында репортаж дайындадық. Жалпы жобалық тапсырмаларды уақытынан кешіктірмей, талаптарға сай жүйеге жүктеп отыру керек. Сондай-ақ жобаны қабылдау уақытында барлық пән оқытушылары, кафедра меңгерушісі, факультет деканы қатысады. Барлығы өз ойын айтады, жобаны жетілдіру жолдарын ұсынады, одан бөлек, қателіктермен жұмыс күні бар. Дедлайн, дисциплина, тайм-менеджментке қатты бағынады. Әр профессордың өз ассистенті болады. Олар ұйымдастыру, қосымша түсіндіру, әр студентке жеке көңіл бөлумен айналысады. Сабақта жасап үлгермеген жобаларды кітапхана базасындағы компьютерлік сыныптарда жалғастыруға мүмкіндік қарастырылған. Ол кешкі сағат 22.00-ге дейін жұмыс істейді. Сабақтан тыс шеберлік сағаттары да өткізіледі. Шаралардың көбі онлайн болды. Американдықтардың уақытты үнемдеу, бағалауға аса мән беретіндігін байқадым. Бәрі жұмысбасты, келісілген уақытта кешікпей келеді, артық уақытын сізге арнамайды.

– Іссапар барысында қандай қиындықтарға тап болдыңыз? Шетелге кетуіңізге отбасыңыз қалай қарады?

– Әр сапардың, әр істің өз қиындығы, ауыртпалығы бар. Бұл шешімге саналы түрде, ойланып келгеннен кейін, көнесің. Есесіне әр қиындықтың артында жақсы нәтиже болмақ. Нью-Йоркке келген бойда бір апта уақыттық-климаттық бейімделуді бастан өткердік. Осы аралықта Академия бізге онлайн түрде АҚШ-та жүріп-тұру ережелерінен бастап, оқу орны жайлы, оның тарихы, бірегей оқыту жүйесі, ішкі талап-ережелері туралы жан-жақты түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Америка – адамдардың өмір сүруіне барлық жағдай жасалған ел екендігі белгілі. Адамдардың бір-біріне жылы қарым-қатынасы бізді таңғалдырғаны рас. Туристер өте көп, соған қарамастан Нью-Йорк тұрғындары әрқашан көмек көрсетуге дайын тұрады.

Нью-Йорк киноакадемиясында PBC, ABC, CBS, Discovery, HBO телеарналарында ұзақ жыл еңбек етіп келе жатқан, телерадио журналистика факультетінің құрметті төрағасы, АҚШ-та телевизия саласының үздіктеріне берілетін "Эмми" халықаралық сыйлығының иегері, деректі фильмдер режиссері, продюсер, сценарист Билл Енрейнхоферден дәріс алған өзімді өмірде жолы болған адам деп санаймын. Ал 89 жастағы ғалым, деректі фильмдер продюсері, сценарист Роберт Ферарро өз кәсібіңді шынайы жақсы көрсең, жасыңа жас қосылып тәжірибеңмен бөлісуге мүмкіндігің болатынына көзімізді жеткізді. Сөзі түзу, салмақты, әр ақпаратты терең оймен жеткізуі, басынан өткерген тәжірибесін өзі қызмет атқарған мекемеге апарып таныстыруы – біз үшін "өз ісінің маманы болған құрметті тұлға" ретінде есте қалды.

Жалпы естелік болып қалған сәттер өте көп. БҰҰ-ның кеңсесінде болып, "Семей полигонының жабылғанына 30 жыл" толуына ашылған көрмені тамашаладық, Нью-Йорктегі Қазақстан консулдығының бас елшілігімен кездестік, музейлер, саябақтардың алуан түрі, қаланың қайталанбас сәулеті мен ерекшелігі, кез келген ортаның тұнып тұрған шежіресі – өмірімізге ұмытылмас әсер қалдырды.

Отбасым маған шетелге барып, білім алып келуіме еш қарсылық білдірген жоқ. Ең алдымен, жұбайым бұл жаңалықты қуана қабылдады. Ел көріп, жер көріп келетініме қуанды. Шетелде жүріп отбасымды, балаларымды, немере-жиендерімді сағынғаным рас, бірақ сегіз ай сегіз аптадай өте шықты.

– Бұл тәжірибе сізге не берді? Алған біліміңіздің қазіргі жұмысыңызда пайдасы бар ма?

– Бір жыл ішінде бізге телевизиялық жаңалықтар жасаудың тәсілдерін бастапқы процесінен бастап, соңғы сатысына дейін үйретті. Қазіргі заманда телевизия маманы әмбебап болуы қажеттігін әрбір дәріс сайын ұқтық. Талаптың жас-кәріге, ұл-қызға қарамайтынын мойындадық. Бойымыздағы жауапкершілік, ұқыптылықты еселей отырып, тапсырмаларды мұқият орындадық. Мысалы, бейне камераны корпустан алып шығып, түсірілім жасайтын жерге барып, құрастырып, оны бабына келтіріп түсіру. Түсірілім аяқталған соң, уақытында әкеліп тапсыру. Жарық шамдарын да дәл солай құрастырып-жинау процестерін әрқайсысымызға жеке-жеке үйретті. Жаңалықтарға тақырып табу, оған сценарий жазу. Өзің оператор, өзің тілшісің. Түсірілген видеоларды өзің монтаждап, эфирге дайындайсың. Дайын сюжетті "NYFA News" жаңалықтарына телевизияның продюсері, редактор, дыбыс режиссері, монтажер сынды мамандар сынға ала отырып өткізеді. Тынымсыз еңбек маған үлкен бір мектеп болды.

Сол "үлкен" мектептен алған білімімді қазір болашақ журналистерді даярлауда қолданып жатырмын. Университет басшылығы тарапынан қолдау бар. Қазір тобымның студенттері дәрістердің көбін өздері дайындап, оқиды. Маңызды жерлерін аудиторияда бірге талдаймыз. Практикалық және өзіндік жұмыстарды олар өндірісте орындайды. Дайындаған дүниелерін жоба ретінде қорғайды, яғни тәжірибе жинауға басымдық беріп жатырмыз.

Адам көргенін, білгенін жүзеге асыру үшін оған уақыт керек. Былтыр қыркүйек айында шетелден келдім, қызығы, маған өз ортама да қайтадан бейімделуге тура келді.

– Шетел мен біздің жоғары білім беру жүйесінде қандай өзгешеліктер бар?

– Оқу бағдарламасы біржылдық, яғни екі семестрге жоспарланды. Сабақты өту процесінде тәртіпке бағынасың, жобаны берілген уақыттан (deadline) кешіктірмей өткізу өте маңызды. Себебі бір жоба біте салысымен, келесі жобаның тапсырмасын жүктеп жібереді. Сондықтан әр тапсырманы өз уақытынан кешіктірмеуге тырысасың. Жобаның уақыты аяқталған соң, оқытушылар құрамы оны қарап, өз бағаларын береді, артық-кемін көрсетіп, түзету жолдарын айтады. Бұл процеске барлық оқытушылармен қоса, факультет деканы да арнайы уақыт тауып, оффлайн-онлайн форматта қатысатыны бізді сүйсінтті.

Қатемен жұмыс күні деп арнайы бір күн уақыт бөлетіні де жақсы үрдіс. Американдықтардың менталитеті біздікінен мүлде бөлек. Оқытушылар сабақ уақытынан бір минут артық отырмайды. "Уақыт – ақша" түсінігін мұндағылар берік ұстанатындығын сонда сезіндік. Сексеннің сеңгірінен асқан қарт ұстазымызды сабақты жанын беріп түсіндіріп, шабытыңды оятып жіберетіні үшін құрметтеп кеттік.

Бұл елде оқытушы құрамның ғылыми дәрежесі аса маңызды емес. Бастысы, коммерциялық жеке оқу орны болғандықтан, "сұранысқа – ұсыныс" принципімен жұмыс істейді. Біздегідей кәсіби мықты маман болсаң да ғылыми дәрежең болмаса, оқытушы бола алмайсың деген түсінік жоқ. Ең бастысы, оқытушы білгенін үйретіп, алдына келген студенттің талғамы мен талабынан шықса болғаны. Мұнда барлық оқытушыны бірдей "профессор" деп атау қалыптасқан.

– Алға қойған жоспарыңызбен бөліссеңіз…

– Ең басты жоспарым – білген-үйренгенімді шәкірттерімнің, жас журналистердің бойына сіңіру. Журналистика саласы бойынша күнде енгізіліп жататын жаңашылдықтарды қалт жібермей, оларды да студенттеріме үйреткім келеді. Ғылым жолында әрі қарай даму мен үшін әлі де өзекті. Өзімнің таңдаған тақырыбым бар, ол да әрі қарай жалғасын табады. Осыдан бірнеше жыл бұрын ұстаздық жолды таңдадым, өкінбеймін, әрі қарай сол ұстаздықпен еліме еңбегімді сіңіре берсем деймін.

Әңгімелескен: Ақерке ДӘУРЕНБЕКҚЫЗЫ,
«Soltüstık Qazaqstan».

Беттің түйін сөзі: Журналистика қоғаммен бірге өмір сүріп, қоғаммен бірге тыныстайды. Қоғам тірлігінің тамыры қиылса, журналистика да бітіп тынады.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің, Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының, Тайынша аудандық мәслихатының депутаттығына кандидаттардың және олардың сенімді адамдарының Тайынша ауданындағы сайлаушылармен

КЕЗДЕСУ КЕСТЕСІ

№	Кандидаттар	Кездесуді өткізу кезеңі	Кездесуді өткізу орны
1	№24 бірмандатты аумақтық сайлау округі бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидаттар	Сайлау алдындағы үгіт жүргізу кезеңінде үй-жайдың меншік иесі-ұйымның басшысының келісімі бойынша өткізу күні мен уақыты	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының «Аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының мәдениет үйі, Тайынша қ. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Қарағаш орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Қарағаш а. (келісім бойынша) «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Алабота орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Аққұдық а. (келісім бойынша) «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Амандық орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Амандық а. (келісім бойынша) «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Большой Изюм орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Большой Изюм а. (келісім бойынша) «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Донецк орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Донецкое а. (келісім бойынша) «Жастар» демалыс орталығы «Жаркөл» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Мәдениет үйі, Драгомировка а. (келісім бойынша) «Тайынша-Астык» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Мәдениет үйі, Зеленый Гай а. (келісім бойынша) «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Келлеровка ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Мәдениет үйі, Келлеровка а. «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Киров ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ауылдық клубы, Кирово а. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Красная Поляна орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Красная Поляна а. (келісім бойынша) «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Летовочное орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Летовочное а. (келісім бойынша) «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Мироновка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Мироновка а. (келісім бойынша) «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Рощинск негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Рощинское а. (келісім бойынша) «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Теңдік орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Теңдік а. (келісім бойынша) «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тихоокеан негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Тихоокеанское а. (келісім бойынша) «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Чермошнян орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Чермошнянка а. (келісім бойынша) «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің №1 «Чкалов орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Чкалово а. (келісім бойынша) «Тайынша-Астык» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Мәдениет үйі, Ясная Поляна а. (келісім бойынша)
2	Партиялық тізімдер бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидаттар (№24 округ)		
3	Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының депутаттығына кандидаттар, №5 бірмандатты аумақтық сайлау округі бойынша		
4	Партиялық тізімдер бойынша Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының депутаттығына кандидаттар (№5 округ)		
5	Бір мандатты аумақтық сайлау округтері бойынша Тайынша аудандық мәслихатының депутаттығына кандидаттар		

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің, Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының, Тайынша аудандық мәслихатының депутаттығына кандидаттардың және олардың сенімді адамдарының Тайынша ауданындағы сайлаушылармен

КЕЗДЕСУ КЕСТЕСІ

№	Бір мандатты аймақтық сайлау округтері бойынша Тайынша аудандық мәслихаты депутатығына үміткерлер	Кездесу өтетін күн мен уақыты	Кездесуді өткізу орны
№ 1 Сайлау учаскесі			
1	Дулепов Юрий Русланович	25ақпан 2023 ж.. 14.00 сағ.	«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Донецк орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.Донецкое а. (келісім бойынша)
2	Дулепов Юрий Русланович	4 наурыз2023 ж.. 14.00 сағ.	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының «Аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының мәдениет үйі, Тайынша қаласы
3	КупербаеваГульдана Серікқызы	10 наурыз 2023 ж. 15.00 сағ.	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының «Аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының мәдениет үйі, Тайынша қаласы
4	КупербаеваГульдана Серікқызы	13 наурыз 2023 ж. 15.00 сағ..	«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Донецк орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.Донецкое а. (келісім бойынша)
5	Малиновский Денис Болиславович	11 наурыз 2023ж. 12.00 сағ.	«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Донецк орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.Донецкое а. (келісім бойынша)
№ 2 Сайлау учаскесі			
1	Бекшенов Сарсенбай Мұратұлы	3 наурыз 2023 ж. 12.00 сағ..	«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Большой Изюм орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Большой Изюм а. (келісім бойынша)
2	Бекшенов Сарсенбай Мұратұлы	7 наурыз 2023 ж. 12.00 сағ.	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының «Аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының мәдениет үйі, Тайынша қаласы
№ 3 Сайлау учаскесі			
1	Журавлева Людмила Николаевна	1 наурыз 2023 ж.. 12.00сағ	«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Теңдік орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Теңдік а. (келісім бойынша)
2	ЖуравлеваЛюдмила Николаевна		Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Чермошнян орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Чермошнянка а. (келісім бойынша)
3	Мұсабаев Бақдаулет Ибадуллаұлы	10 наурыз 2023 ж. 12.00сағ. 14 наурыз 2023ж.12 сағ.	«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Чермошнян орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Чермошнянка а. (келісім бойынша)
№ 4 Сайлау учаскесі			
1	Маслов Алексей Владимирович	25 ақпан 2023 ж. 14.00 сағ.	«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Мироновка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Мироновка а. (келісім бойынша)
2	Абдрахманова Айгуль Багдатқызы	2 наурыз 2023 ж. 11.00 сағ.	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының «Аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының мәдениет үйі, Тайынша қаласы
3	Маслов Алексей Владимирович	4 наурыз 2023 ж.. 14.30 сағ.	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының «Аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының мәдениет үйі, Тайынша қаласы
4	Абдрахманова Айгуль Багдатқызы	15 наурыз2023 ж.. 11.00 сағ.	«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Мироновка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Мироновка а. (келісім бойынша)
№ 5 Сайлау учаскесі			
1	Нұрахмет Алмас Жолдасұлы	1 наурыз 2023 ж.. 12.30 сағ.	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының «Аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының мәдениет үйі, Тайынша қаласы
Біздің болашағымыз өз қолымызда! Менің кандидатурам үшін дауыс беруді және әр Тайыншалықтың өмір сүру сапасын жақсарту үшін бір команда болуды ұсынамын. Біздің ой-пікірімізге құлақ асатын болады! Елімнің патриоты ретінде елімізде жемқорлықтың болмауына атсалысып, халқымыздың бірлігі мен достығының нығаюына да өз еңбек үлесімді қосамын.Тайынша ауданы тұрғындарының қалыпты жақсы өмір сүрулерін көздейтін мақсаттарды іске асыру үшін сайлауға түсемін.Сіздермен бірге аталған мақсаттарға жетіп, мықты мемлекет құрамыз деп сенемін.

Қымбатты сайлаушы, егер Сізде өміріміздегі жақсарту бойынша идеялар, ұсыныстар немесе тілектер болса, менің nadenka101@mail.ru электрондық поштама жаз да FACEBOOK, INSTAGRAM, TELEGRAM парақшаларыма жазыл.Барлық сұрақтар бойынша (71536) 4-17-99 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Республикалық бюджеттен төленді.

НАЗЫКЕНОВА БИБІГҮЛ САПАРБЕККҚЫЗЫ

Тайынша аудандық мәслихатының депутаттығына үміткер, №10 сайлау округі

Назыкенова Бибігүл Сапарбекқызы 1989 жылы 21 қаңтарда Көкшетау облысы Чкалов ауданы Қарағаш ауылында дүниеге келген. Екі жоғары білімі бар: 2011 жылы Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетін «Тарих» мамандығы бойынша, 2014 жылы «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша «Көкше» академиясын бітірген. Еңбек жолын білім беру саласында 2011 жылдың қыркүйегінде Ильичевка ОМ тарих пәнінің мұғалімі болып бастады. 2012 жылдың тамыз айынан 2018 жылға дейін Подольск ОМ қазақ тілі мен әдебиеті және тарих пәнінің мұғалімі болып жұмыс істеді. 2020 жылдың қыркүйегінен бастап қазіргі уақытқа дейін директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ БАҒДАРЛАМА

Аудандық мәслихат депутаттығына кандидат ретінде мен AMANAT партиясының мүшесі ретінде ұсынылдым. Менің сайлауға түсу туралы шешімім қоғам мен халыққа қызмет ету ниетінен туындады. Менің өмірлік қағидам ¬- бос уәде бермей, алға қойған нақты міндеттерді орындау. Аудандық мәслихат депутаттығына сайлауға қатысуымда көздеген басты мақсат - өз сайлаушыларымның еркі мен тілектерін білдіру, оларды орындау үшін қажетті шараларды қабылдау деп санаймын.

Егер сайлаушыларым маған сенім білдіріп, аудандық мәслихаттың депутаты болып сайлансам, маңызды мәселелерді шешу барысында бар күшім, білімім мен тәжірибемді жұмсаймын, Оның ішінде:

- мектептерде химия, биология, физика кабинеттерін сатып алу;
- ауданның барлық мектебін жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз ету;
- 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету;
- білім беру ұйымдарын (мектептерді, мектепке дейінгі ұйымдарды) қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі тиісті жабдықтармен жарақтандыру;
- жастарға қолдау көрсету.

Біз ұлттық дәстүрлерге бай жерде өмір сүріп жатырмыз. Сондықтан Қазақстан халқының рухани мұрасын қорғауға және дамытуға тырысамыз. Үйлесімді ұлтаралық қатынастарды одан әрі дамыту мен нығайтуды, елдің ішкі саяси тұрақтылығын сақтауды міндетім деп санаймын.

Мен №10 сайлау округі халқының әл-ауқаты мен өмір сүру сапасын едәуір арттыру бойынша қойылған міндеттерді шешу үшін сайлауға барамын. Депутаттың жұмысы қарапайым ғана қадамдардан тұруы мүмкін, алайда дәл осы қадамдар біздің өміріміздің сапасын біртіндеп жақсартуға мүмкіндік береді. Менің ойымша, әр адам туып-өскен жерінің өркендеп, дамуына өз үлесін қосуы керек.

Республикалық бюджеттен төленді.

МАРКАСЬЯН ВАЗГЕН АЛЕКСАНДРОВИЧ

Тайынша аудандық мәслихатының депутаттығына үміткер №11 сайлау округі

Маған дауыс бере отырып өз мүдделеріңіз үшін дауыс бересіздер

Маркасьян Вазген Александрович, 1986 жылдың 25 желтоқсанында Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Матвеевка ауылында қарапайым ауыл тұрғындарының отбасында дүниеге келген.

Құрылыс, ауыл шаруашылығы, тұрғындарды азық-түлікпен және ауылшаруашылық тауарларымен қамтамасыз етуге бағытталған қызметтер көрсету саласында еңбектенемін.

Қазіргі уақытта «GLOBAL INTER TRANS» ЖШС директоры болып табыламын, мұнда серіктестік жұмысшыларының көбі Тайынша ауданының тұрғындары болып табылады әрі лайықты еңбекақы алады.

Мен ауылда туып-өстім, сол себепті де ауыл тіршілігінің ащы-тұщысын, сондай-ақ маусымдық қиыншылықтарын жақсы білемін, атап айтқанда, қыста – жолдың, сумен жабдықтаудың жоқтығы және тағы басқа жазғы уақытта – жайылымдық жерлер мен шөп шабатын алқаптардың, ауылды абаттандырудың жетіспеуі. Ауыл тұрғындарын жұмысқа орналастыруға және төмен жалақыға байланысты әлеуметтік проблемалар. Жер даулары, пай төлеу, ауыл адамдарын азықпен қамтамасыз ету жөніндегі мәселелер шешілмей тұр.

Егер сіздер маған аудандық мәслихат депутаты болуыма мүмкіндік берсеңіздер, менде ауыл тұрғындарының тіршілік жағдайын жақсарту, әлеуметтік қатамасыз ету және ауылда уақтылы реформалар жүргізу жағына қабылданатын шешімдерге жанама емес, тікелей ықпал етуге мүмкіндік болады.

Менің сайлау алдындағы бағдарламам:

- аудан мен ауылдың әлеуметтік-экономикалық өміріне белсенді түрде атсалысу;
- мемлекеттік органдармен және шенеуніктермен даулар мен қарама-қайшылықтарды шешу, азаматтардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру және қорғау бойынша аудан тұрғындарымен өзара әрекет ету;
- жер даулары мен ауыл адамдарына жерлерін қайтару аясында көмек көрсету;
- ауылды білікті медициналық және педагогикалық кадрлармен қамтамасыз ету;
- мүгедектерді әлеуметтік қамтамасыз ету деңгейін арттыру;
- аудандағы және ауданның жетуге жолы қиын ауылдық округтеріндегі жолдардың сапасын жақсарту;
- ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейін жалпы жақсарту;
- ауыл тұрғындарының мүдделеріне сай келетін шешімдерді ғана қолдауға уәде беремін. Барлық сұрақтар бойынша сайлау штабының 8 (71536) 4-17-99 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Республикалық бюджеттен төленді.

ДЖУКАЛАЕВ СУЛТАН РИЗВАНОВИЧ

Тайынша аудандық мәслихатының депутаттығына үміткер №7 сайлау округі

ҚЫМБАТТЫ САЙЛАУШЫ, СЕНІҢ ДАУЫСЫҢ ШЕШУШІ!
ХАЛЫҚТЫҢ ДАУЫСЫ – БІЗДІҢ ЖҰМЫСЫМЫЗ!

ДЖУКАЛАЕВ СУЛТАН РИЗВАНОВИЧ, 1986 жылдың 28 қазанында туған. Қазақстан Республикасының азаматы. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Құспек ауылының тумасы. Алматы гуманитарлық-экономикалық унверситетін қаржы мамандығы бойынша тәмамдадым.

Қазіргі уақытта Тайынша ауданында «GLOBAL INTER TRANS» ЖШС директорының орынбасары болып жұмыс істеймін, сондай-ақ жүк тасымалдау бойынша көлік қызметтерін көрсететін жеке кәсіпкер болып табыламын. Үйленгенмін, үш балам бар. Туған ауылымда кәсіпкерлік қызметпен, мал шаруашылығымен және ауыл шаруашылығымен айналысамын, мұның барлығы ел экономикасының бір бөлігі болып келеді.Неге депутаттыққа бел будым: Құрметті отандастар, сайлаушылар!

Қазір сіздер менің сайлау алдындағы бағдарламамды оқып отырсыздар және сіздердің дауыстарыңыз мен үшін маңызды, алайда мәслихатының депутаттығына өз кандидатурамды ұсынғалы отырған Тайынша ауданы үшін әлдеқайда маңыздырақ.

Мен қарапайым азаматтардың жай-күйін ұзын құлақтан естіп жүрген жоқпын.

Кішкентай ғана ауылдың тумасы және қала тұрғыны бола отырып, мен қарапайым адамдармен күн сайын иін тіресе жұмыс істеп келемін, әлбетте, олардың қажеттіліктері мен үміттері өз басымнан да өтіп жатыр.

Елдімекендердің қайсысында болмасын жұмыс дайын тұр: су мәселесі немесе судың мүлдем жоқтығы, жұмыс орындарының жетіспеуі, бағаның негізсіз өсуі, ауылдардағы автокөлік жолдарының сапасының нашарлығы, көшелер, негізгі медициналық қызметтер алу мүмкінсіздігі, мәдени ойын-сауық орындарының жетпеуі немесе тіпті жоқтығы, ескі тұрғын үйлер және жер мәселелері. Бұл мен күресуім тиіс проблемалардың тек негізгі тізімі ғана.

Менің әр түрлі қызмет салаларында мол тәжірибем бар, дегенмен бұлардың әрқайсысында елеулі табыстар мен айтарлықтай нәтижелерге қол жеткіздім. Мен біздің ортақ өміріміздің қалай жақсарту, тіршілік етіп жатқан жерімізді қалай көркейту керек екенін білемін.

Менің сайлау алдындағы бағдарламама келесі мақсат-міндеттер кіреді:

Маған жүктелген міндеттемелерді уақтылы және әділетті орындау;Мемлекеттік органдармен қарым-қатынас жасай отырып, азаматтардың өзекті мәселелерін шешу;

Сайлаушымен ауылдың күнделікті тіршілігіне қатысты барлық сұрақтар бойынша үнемі әрекеттесу;Ауылдық округті дамытуға арналған бюджетті дұрыс бөлу және адал үлестіру, сондай-ақ оның әлеуметтік қажеттіліктеріне қаражат шығысын ұлғайту.Әлеуметтік және экономикалық саланы белсенді түрде дамыту;Қылмыс деңгейін азайту және барлық көріністегі сыбайлас жемқорлыққа, төрешілдікке қарсы іс-қимыл жасау;Ауыл жастарын қолдау, қарт адамдарға және аз қамтылған азаматтарға атаулы көмек көрсету;Жеке кәсіпкерлікке қолдау көрсету.Менің кандидатурама дауыс беруді, осылайша барлық Тайыншалықтардың өмір сүру сапасын жақсартуға өз септіктеріңізді тигізуді ұсынамын. Біз бірге орасан зор нәтижелерге қол жеткіземіз. Үлкен өзгерістерге апарар жолда сіздердің мүдделеріңізді қорғауға міндеттенемін!

Республикалық бюджеттен төленді.

НҰРАХМЕТ АЛМАС ЖОЛДАСҰЛЫ

Тайынша ауданы мәслихатының депутаты кандидатына тіркелді №5 сайлау округі бойынша

Мен, Нұрахмет Алмас Жолдасұлы, 1993 жылдың 21 шілдесінде Көкшетау облысы Красноармейск ауданы Теңдік ауылында дүниеге келдім.

Жоғары білімім бар. 2000 жылы Тараз инновациялық-гуманитарлық университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірдім.

Еңбек жолын 2013 жылы Тайынша аудандық білім бөлімінде заңгердің көмекшісі болып бастадым. 2014 жылдың қаңтар айынан 2015 жылдың желтоқсан айына дейін Тайынша ауданы әкімі аппаратының инспекторы, 2015 жылдың желтоқсан айынан 2016 жылдың желтоқсан айына дейін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің V / 43573 Астана қаласында әскери борышымды атқардым.

2021 жылдың маусым айынан бастап Солтүстік Қазақстан облысы кәсіпкерлерінің палатасы Тайынша аудандық филиалының директоры болдым.

САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ БАҒДАРЛАМА

Мен «АМАНАТ» партиясынан өз кандидатурамды ұсынып отырмын, өйткені мен оның мақсаты мен міндеттеріне жақынмын. Өзінің кәсіби біліктілігін, адалдығын бірнеше рет дәлелдеп, қоғам игілігі үшін сөзбен емес, іспен нәтижелі еңбек етіп жүрген осы ұйым өкілдерімен өзім таныспын. Сондықтан мен өзімді нағыз істер партиясынан ұсынып отырмын.

Кәсіпкерлер палатасы Тайынша аудандық филиалының директоры қызметін атқарып жүріп, Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мониторингтік топтардың құрамында бір партия мүшелерімен бірге аудан аудандарына шықтым. Сапар барысында жер-жерде әлеуметтік маңызы бар нысандардың жөндеу жұмыстарының, елдімекенішілік жолдардың, жабдықтау нысандарының жөндеу жұмыстарының барысымен танысып, қала халқымен және еңбек ұжымдарымен кездестім, жеке қабылдау өткіздім.

Әділетті Қазақстанды құрудағы басты мақсатымызды басшылыққа ала отырып, мен аудандық мәслихаттың депутаты ретінде білім беру ұйымдарын (мектептерді, мектепке дейінгі мекемелерді) қауіпсіздік құралдарымен жабдықтауға үлес қосуды көздейтін бірқатар міндеттер қойдым;

мәдени-демалыс объектілерінің желісін кеңейтуге жәрдемдесу, сондай-ақ бұқаралық мәдени-патриоттық іс-шараларды өткізуге;

жолдардың барлық түрлерін және олардағы қауіпсіздікті жақсарту;

көшелерді жарықтандыруға – балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінде, дене шынықтыру бойынша балалар мен жасөспірімдер мен жасөспірімдер клубтарында екі спорт секциясын ашуға ықпал ету;

Тайынша қаласындағы орталық қазандықтың жабдықтарын ілгерілету, сатып алу және ауыстыру;

Кемінде 45 кәсіпкерлік субъектілеріне қаржылық қолдау шараларымен қамтамасыз етуге жәрдемдесу - нақты субъектілерге кемінде 10 мемлекеттік грант бөлуге ықпал ету;

Жаңа бизнес-идеяларды ілгерілету: - жас кәсіпкерлерге конкурстық негізде жылдық 2,5%-бен жеңілдетілген несиелер беруге жәрдемдесу.

Мен де өз елімнің нағыз патриоты ретінде Қазақстанда сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне «мүлдем» төзбеушілік атмосферасын құруға және оның деңгейін төмендетуге көмектесемін, халқымыздың бірлігі мен күшін нығайтуға күш саламын.

Республикалық бюджеттен төленді.

БРАЙЧЕНКО НИКОЛАЙ ВИКТОРОВИЧ

Тайынша аудандық мәслихатының депутаттығына үміткер №10 сайлау округі

ИГІЛІККЕ ҮЛЕС ҚОСУ – ӘР АДАМНЫҢ ДАУЫСЫ!

Мен, Брайченко Николай Викторович, 1986 жылдың 15 қазанында Зеренді ауылында дүниеге келдім.Биатлоннан Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шеберімін, 2010 жылғы қысқы Олимпиада ойындарының қатысушысымын, Ханты-Мансийскте өткен Әлем чемпионатының қатысушысымын, Азия чемпионымын (2011),Қазақстанның дүркін чемпионымын.Міне үш жылдан бері Солтүстік Қазақстан облысында Обухов тау-кен байыту комбинатында жұмыс істеймін. Аудан мәселелерімен хабардармын және өз басымнан өткергенмін.Тайынша аудандық мәслихатының депутаттығына №10 сайлау округі бойынша (Чкалово, Озерное, Краснокиевка) үміткермін, жауапкершіліктің орасан зор екенін толықтай түсінемін.Өзім ауылда өскенмін, сол себепті де ауыл мәселелерінің мәнмазмұнын білемін.

Біз бәріміз де сый-құрметке ие, жоғары іскерлік және моральдық қасиеттері, белсенді азаматтық ұстанымы, әрқайсысымыз үшін, сондай-ақ еліміз үшін жауапкершілікті өз мойнына ала білетін адамдардың депутат болуын қалаймыз.

Ең бастысы жұмыста – адамдармен бірге болу, адамдардың қажеттілігін білу, оларды ескеру, көмек көрсету, түсіндіру, қорғау.Депутаттыққа өз кандидатурамды ұсына отырып, мен үшін алдағы уақыттағы басты басымдылық – барша азаматтың мүдделерін қорғау болып қалады.

Біз республикадағы бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауға, тұлғаның еркін дамуы үшін лайықты жағдайлар жасауға, азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруға ұмтыламыз.

Менің тірегім – Қазақстанның көпұлтты халқының дәстүрлі құндылықтары, даңқты тарихы мен бай мәдениеті.Менің негізгі басымдылығым – әр адамның лайықты өмір сүруі. Менің басты ұраным: «Адамдарды есту – адамдар үшін қызмет ету!».Мен аудан тұрғындарының алдындағы бар жауапкершілікті ұғынамын.Сіздер, құрметті сайлаушылар біздің алдымызға қоятын ең өзекті міндеттерді шешуге, атап айтқанда, медицина мекемелерін салуға және жөндеуге, бұл мекемелердің жабдығын жаңартуға деп алған бағытты маңызды деп есептеймін. Жол шаруашылығы да маңызды болып табылады. Бұған қоса, балабақша орындардың тапшылығы аудандағы өзекті мәселелердің бірі болып қалуда. Жаңа мектепке дейін оқытатын балалар мекемелерінің құрылысы бойынша шара қолдану, мемлекеттік-жеке серіктестік механизмдерін енгізу қажет. Біз балаларды мектепке дейін оқытатын мекемелермен толықтай қамтуымыз қажет.

Өз сөзі мен ісі үшін басымен жауап беретін адам ғана депутат болуы тиіс деп санаймын және мен ұсынған бағыттар мен сайланған жағдайда ауылдарымыздың әлеуметтік-экономикалық және мәдени әлеуметін дамытуға, қоғамды біріктіруге қызмет етеді деп сенемін.

Болашақ депутат барлық құрылымдық күштермен сөйлесе білуге, ауданымыздың тұрғындарының бірлігі мен ынтымағын қамтамасыз етуге қабілетті болуға тиісті. Біз жақсы өмір сүруге лайықтымыз, өз таңдауларыңызды жасаңыздар!

Қымбатты сайлаушы, егер Сізде өмірімізді жақсарту бойынша ұсыныстар болса, менің shtab190323@mail.ru электрондық поштама жаз да Facebook, Instagram парақшаларыма жазыл.

Барлық сұрақтар бойынша сайлау штабының 8 (71536) 4-17-99 телефон нөміріне хабарласуға болады. Сенсең, Николай Брайченкоға дауыс бер!

Республикалық бюджеттен төленді.

ДУЛЕПОВ ЮРИЙ РУСЛАНОВИЧ

Тайынша аудандық мәслихатының депутаттығына үміткер № 1сайлау округі

Берекелі Қазақстанды тек бірге құра аламыз! Саған бәрібір емес!Менімен таныс!

Дулепов Юрий Русланович, Тайынша аудандық мәслихатының депутаттығына үміткер. Мәслихат депутаты жалпы мемлекеттік мүдделерді қоса алғанда тиісті әкімшілік аумақтық бірліктердің тұрғындарының ерік-жігерін білдіреді.

Өзім жайлы: 1985 жылы туғанмын, жоғары білімім бар, заңгермін, инженер-құрылысшымын, үйленгенмін, екі балам бар. Кәсіпкерлік қызметпен айналысамын.

Тайынша ауданымен жұмыс істегендіктен, оның дамуына өз үлесімді қосқым келеді. Ауыл мен ауданның және жалпы Тәуелсіз Қазақстанымыздың өмірінде болып жатқан үрдістер маған немқұрайлы емес.

Өзім үшін оңай емес шешім қабылдай отырып, депутаттыққа бел будым. Әрбіреуіңіз үшін пайдалы болғым келеді.

Тайыншалықтар менің кандидатурамды қолдап, өзімді депутаттық корпуста жақсы жағымнан көрсетуіме мүмкіндік береді деп сенімдімін. Мен Қазақстан Республикасының кез келген азаматы сияқты дамыған, әділетті Жаңа Қазақстанда өмір сүргім келеді.

Президенттің Қазақстан халқының алдында қойған міндеттерін іске асыруға шамам жеткенше үлес қосуды және тікелей көмек көрсетуді қалаймын.

Менің басты мақсат-міндеттерім:

- маған жүктелген депутаттық өкілеттіктерді жауапты, түбегейлі, адал түрде орындау;

- сайлаушының әр ұсынысы мен аманаты бойынша мемлекеттік органдармен білек сыбанып жұмыс істеу, орындау кезінде қайсарлық таныту, талап қоя білу, бақылау (сумен жабдықтау, жол, ауылдағы медицина, жұмысқа орналастыру, көркейту, ауылдың мәдени өмірі және басқа да өзекті мәселелер);

- сайлаушымен, жергілікті қоғамдастықпен үнемі кері байланыста болу, оның ішінде ауылдық округті дамыту бюджетін қалыптастыру мәселелері бойынша;

- ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына атсалысу;

- сыбайлас жемқорлыққа, жікшілдікке, жылпостарға олардың кез келген түрлері мен көрінулеріне қарсы күрес жүргізу;

- мемлекеттік органдар мен мекемелердегі төрешілдікке қарсы әрекет ету;

- мемлекеттік органдарда сайлаушылардың жер мәселелері (пай жерлер), соттың істі қарауы арқылы жайылым өрісті қайтару бойынша мүдделерін белсенді түрде қорғау.

Сіздерге өз кандидатурам үшін дауыс берулеріңізді және әрбір тайыншалықтың өмір сүру сапасын жақсарту жолында бір команда болуды ұсынамын.

Мықты депутат – Мықты мәслихат – бұл халықтың әл-ауқатының формуласы. Біз бірге мықтымыз, мүмкіндіктеріміз шексіз!

Қымбатты сайлаушы, егер Сізде өмірімізді жақсарту бойынша идеялар, ұсыныстар немесе тілектер болса, менің Dulepov0985@mail.ru жеке электрондық поштама жаңыз.

Барлық қызығушылық туғызатын сұрақтар бойынша сайлау штабының мына телефон нөміріне хабарласуға болады: 8715 36 41799

Сайлау алдындағы штабтың мекенжайы: Тайынша ауданы, Обуховка ауылы, Обухов ТКБК

Құрметпен, Дулепов Юрий Русланович

Республикалық бюджеттен төленді.

МАСЛОВ АЛЕКСЕЙ ВЛАДИМИРОВИЧ

Тайынша аудандық мәслихатының депутаттығына үміткер №4 сайлау округі

ҚАЛАМЫЗДЫ БІРГЕ ЖАҚСАРТАМЫЗ! АЛҒА ЖҮРСЕҢ, АРТТА ҚАЛМАЙСЫҢ!

Маслов Алексей Владимирович Көкшетау облысы Красный Яр ауылында 1988 жылдың 16 наурызында дүниеге келген. Өмірінің саналы ғұмырын Тайынша қаласында өткізді. Білімі арнайы орта, микропроцессорлық техниканы жөндеу мастері.Белсенді өмірлік ұстаным мен үнемі жетіліп отырудың арқасында 2006 жылы өзіндік жанр шебері атандым, 2008 жылы «Надежда» спартакиадасында 3-орынға ие болдым, делфия ойындарының лауреатымын, 2011 жылдан бастап Орталық Азияның жасампаз кәсіпкерлерінің Creative Central Asia Network желісіне кіремін, 2011 жылғы «Электрондық үкімет және электрондық қызметтер» курсынан өттім, 2015 жылы «Өз ісіңді баста», «Бизнес-жобаларды жоспарлау және басқару», «Үздік IT-жобасы» жобаларының лауреаты атандым, 2015 жылы стартап-жобалар бағдарламасының қатысушысы болдым, «Ауыл әкімі болғым келеді» конкурсына қатыстым, «Географиялық диктант», «Жаңа қадам-2019» халықаралық ағарту акцияларына қатыстым, 2020 жылы «Бірдей IT мүмкіндіктер әлемі» жастар лагерінің 2-ші маусымының финалисі болдым, «Motion Design» курсын сәтті аяқтадым, «Әлеуметтік инклюзияға арналған онлайн технология» тақырыбы бойынша қашықтықтан оқытылатын тағылымдамадан өттім, 2022 жылғы «Шектеусіз инклюзивті практикалар», «Қаржылық сауаттылық негіздері» халықаралық байқауларының финалисімін.«Хорошие дела» ЖШС-ін басқара отырып, мүмкіндігінше Тайынша қаласының тұрғындарына тегін көмек көрсетемін.«Қазпошта» АҚ-да қызмет атқара жүріп, жұмыс барысымен барлық Тайынша ауданын аралап шықтым және шешілмей келе жатқан мәселелерден хабардармын.Кейін аудандық аурухананың өзіне өзі қызмет көрсету аймағында аудан тұрғындарымен тікелей қарым-қатынас жасай отырып, оператор болып істедім. Қазіргі сәтте «Другое такси» ЖК басшысы бола отырып, әлеуметтік осал тұрғындарға жолақысы тегін «Әлеуметтік такси» бөлімшесін жасаудамын.

МЕНІҢ САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ БАҒДАРЛАМАМ

Менің депутаттыққа үміткер ретіндегі басты мақсатым – біздер, қарапайым және адал азаматтар үшін жайлы жағдай жасауға тырысу. Проблемаларымызды өзіміз шешпегенде, кім шешіп береді?!Қаламыздың жұмыскер шағын ауданының тұрғыны ретінде дереу шешу керек негізгі бірнеше мәселені атап өтпекшімін:

- балалар алаңдарының, демалыс, ойын-сауық және жастардың даму орындарының жоқтығы. Темір жолға тым жақындық, айрықша қауіпті учаскелердің өзіне тартуы бір проблема; қаңғыбас иттердің бақылаусыз жүруі; азық-түлік бағаларының жөнсіз өсуі; қала экологиясы жөніндегі мәселелер, қалаға жақын орналасқан кәсіпорындардың жиіркеніш иістері; ұялы байланыстың, электр қуатымен жабдықтаудың және басқа да коммуникациялардың қайта-қайта бұзылуы; қажетті орындарда қоқыс тастайтын контейнерлердің жетіспеуі; «Рабочий» шағын ауданында полиция учаскелік бекетінің жоқтығы.Сондай-ақ Заречное сияқты ауылдардың көктемгі су басуға байланысты оқшауланып қалу проблемасын айтпай кете алмаймын.

Көпбалалы отбасыда өсіп-өніп, туыс-туғандарен тығыз қарым-қатынас жасай жүріп, мен проблемаларға әр түрлі әлеуметтік және жас аралық жақтан қарай алдым. Әлеуметтік сұрау жүргізе отырып, көкейтесті проблемаларды шешудің жолдары табылды:«Таза қала», ТКШ сияқты ұйымдармен қоқысты бөлек жинау (пластик, әйнек, қағаз, тағам қалдықтары) контейнерлерін орнатуға арналған шарт жасасу және депутаттық бақылау.

Бұралқы жануарларға арналған баспана жасау бойынша бастамашыл топтарды қолдау және депутаттық бақылау.Мен өзім Алматыға қаланы көгалдандыру, жұмыс кенттің шағын ауданында орманды алқап жасау үшін жарамды өсімдіктер таңдау үшін арнайы бардым. Мені мәслихат депутаты етіп сайласаңыздар, депутаттық бақылаумен қатар ауданды дұрыс және оңтайлы көгалдандыруға өзім жеке бақылауды жалғастыруға уәде беремін.

Жұмыс кенті шағын ауданында полиция учаскелік пункін құру туралы өтініш етемін.

Қымбатты сайлаушы, егер Сізде өмірімізді жақсарту бойынша идеялар, ұсыныстар немесе тілектер болса, менің shtab190323@mail.ru электрондық поштама жаз да Facebook, Instagram парақшаларыма жазылыңыз.Барлық сұрақтар бойынша сайлау штабының 8 (71536) 4-17-99 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Республикалық бюджеттен төленді.

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН – ЖАҢА АРМИЯ

Отанды сүю – міндет, қорғау – парыз! Болашақ жауынгерлерді Отанын сүйетін өз елінің нағыз патриоты болуға тәрбиелеу отбасынан, мектеп қабырғасынан басталады. Бұл барлық мемлекеттік органдардың, оның ішінде білім беру, мәдениет және спорт мекемелерінің, бұқаралық ақпарат құралдарының, ардагерлер ұйымдарының жүйелі жұмысын талап етсе керек. Бұл бағыттағы жұмыстардың бәрі өткен тарихымызды зерделеуге, аталарымыздың Ұлы Отан соғысындағы ерлігін насихаттауға және Жеңістің құндылықтарын бағалауға арналуы керек.

Халықаралық жағдайдың шиеленісуінен, жаңа сынтегеуріндер мен қауіп-қатерлердің сипатынан сабақ ала отырып, бөлімшелердің жауынгерлік әзірлігі мен жауынгерлік қабілеті ерекше өзектілікке ие болды. Гибридтік соғыстар жауынгерлік дайындықта түбегейлі өзгерістерді қажет етеді. Бүгінде Қазақстан әскері қорғаныс пен шабуылдағы классикалық ұрыс түрлерін қолданудан қазіргі қарулы қақтығыстар тәжірибесіне сәйкес ұрыс дағдыларын игеруге көшті. Бұл қалалық, таулы жерлерде айтарлықтай ұтқыр қимылдайтын, техникалық жағынан жақсы жарақталған, шағын топтардан тұратын заңсыз қарулы топтарға қарсы ұрыс түрі.

Арнайы операцияларды жүргізу мәселелерін пысықтау кезінде басқа да әскерлер мен әскери құрылымдардың бөлімшелерімен өзара іс-қимылдар мен практикалық тәжірибе алмасу ұйымдастырылды. Бұл тәжірибе ротаның елді мекендерде заңсыз қарулы құрылымдарға қарсы жауынгерлік іс-қимылдар жүргізу кезінде негізгі буын болып қала беретінін көрсетті. Сол себепті жеке құрамның да, командирлердің де жылдам өзгермелі жағдайларда сенімді бағдар алып, қолда бар күштер мен құралдарды тиімді пайдалануы өте маңызды болып отыр.

Әлемде қарқынды дамып келе жатқан геосаяси шиеленістер мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін басымдықтарға әсер етті. Жоғарғы Бас қолбасшы алдымызға ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесін түбегейлі қайта ұйымдастыру міндетін қойды. Қарулы Күштер оның маңызды құрамдас бөлігі екенін біз жақсы түсінеміз.

Ұйымдастырушылық, техникалық және технологиялық деңгейлерде де оң өзгерістер бар. Ерекше тапсырмаларды орындауға, жедел шешімдер қабылдауға және ведомствоаралық үйлестіруге баса назар аударылатын әскерлердің жауынгерлік даярлық жоспарларына түзетулер енгізілуде. Бұл жерде әскерлерді басқару жүйесінің тиімділігі көбінесе жағдайды объективті талдауға, сандық тәсілдерді енгізуге де байланысты.

Мұндай жағдайда байланыс, радиоэлектронды күрес және барлау құралдары ерекше мәнге ие болмақ. Біз 2022 жылғы қару-жарақ пен әскери техника сатып алу жоспарын қайта қарадық. Сақтау объектілерінің құрылысы мен пайдаланылмайтын оқ-дәрілерді кәдеге жаратуда көлемді жұмыстар атқарылды.

Бұл тапсырмаларды орындау Қарулы Күштердің кадрлық әлеуеті мен әскери білім сапасына да қатысты. Бұл мәселелер Қорғаныс министрлігі басшылығының жіті назарында.

Қысқаша қайырсақ, біздің алдымызда осындай тапсырмалар тұр. Бұл міндеттерді шешу басшылық құрамнан күш-жігерді, дәйекті әрі үйлесімді іс-әрекеттерді талап етеді.

Газет бетін дайындаған:
Жанаргүл МҰРАТҚЫЗЫ.

ӘСКЕРГЕ ТІРКЕУ КУӘЛІГІ БЕРІЛДІ

«Елге ер қымбат, елге ердің адал жүрегі қымбат», деген қағиданы ұстана отырып, болашақ Отан қорғаушыларға тіркеу куәлік табысталды. Ер адамның басты мақсаты – Отанын, отбасын қорғау. Тіркеу куәлігін алу дегеніміз - ересек өмірге қадам басу. Болашақта әскери Білім ошақтарында, әскер қатарында болып, Отан алдында абыройлы қызмет ету- әрбір елін сүйген азаматтың міндетті борышы.

16 ақпанда аудандық мәдениет үйінде болашақ әскерге шақырылушыларға әскери тіркеу куәліктерін салтанатты түрде тапсыру рәсімі өтті.

Болашақ әскерге шақырылушыларға Тайынша ауданы әкімінің орынбасары А.А. Әміренов, Тайынша ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы, подполковник А.Е.Мұхамбетов, Тайынша ауданы бойынша ҚР ҚК ардагерлерінің төрағасы М.Г.Гусев, Тайынша ауданы бойынша ТЖ бөлімінің бастығы Р.А. Әбдікәрімов, Тайынша ауданының полиция бөлімінің ЖПҚ бастығы Жүсіпов Қ.Т. құттықтау сөз сөйлеп, әскери тіркеу куәліктерін салтанатты түрде табыс етті.

Іс-шара соңында аудандық мәдениет үйінің әдіскері Б.Гусар «Алға Қазақстан» патриоттық әнін орындады. Іс-шараға қатынасқан болашақ ел қорғайтын азаматтар ерекше тебіреніспен өз ойларымен бөлісіп, әскери қызметке, елі үшін ерінбей, адал қызмет етуге дайын екендерін де жеткізді.

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, Тайынша таңы

ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДА БОЛҒЫҢЫЗ КЕЛСЕ...

Еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бері Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Әскери жоғарғы оқу орындарынан жыл сайын арнайы бөліспен білікті әскериқызметшілерді дайындап келеді. Қорғаныс министрлігінің құзыретіне қарайтын атақты төрт әсери жоғарғы оқу орны бар. Сол оқу орындарымен таныс болыңыз:

1. Талғат Бигельдинев ат. Әуе Қорғаныс Күштері Әскери Институты Батыс Қазақстан облысының Ақтөбе қаласында.
2. Құрлық Әскерлері институты Алматы қаласында.
3. Радиотехника және байланыс әскери-инженерлер институты Алматы қаласында.
4. Шоқан Уалиханов атындағы Әскери колледж (Кадет Корпусы) Щучинск қаласында.

2023 жылы жергілікті басқару органдарынан аталмыш әскери оқу орындарына оқуға түсуге ниетті жастарды іріктеу жүргізіп жатқандықтан түлектерге болашақ мамандықтарын әскери қызмет саласынан таңдауға болатындығына кеңес береміз. Әскери оқуға ниет білдірген жастар Тайынша ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің бастығының атына наурыз айының бірінен бастап жазбаша өтініш берулері керек. Ары қарай ӘЖОО жауапты қызметкерлер талапкерлерді арнайы заңдардың негізінде , тиісті тізімге енгізіп, медициналық тексерулерден өткізіп денсаулықтарының жарамдылығын тексертеді. Сонымен қатар оқушының дене шынықтыруы, оқу үлгерімі, моральдық-психологиялық жағдайлары бақылауда болады. Бірыңғай Ұлттық тестілеуден барлығы 50 балл алған ниет білдірушілер әскери оқуға түсе алады. Осы елу баллдың ішінде физика, математикадан кем дегенде 7-10 балл жинау керек екендігін естеріңізге саламыз. Ал, Әскери Колледжге ҰБТ тапсырмай-ақ, аттестаттың қортындысымен жолдама алуға заңды мүмкіншілік береді. Оқуға түскен кандидаттар тегін білім алады. Мемлекеттің қаржысымен толық оқуды аяқтап шығуға арналған Қазақстан Республикасының «Әскери қызмет және әскериқызметшілердің мәртебесі туралы» заң аясында барлық жеңілдіктерді пайдалана аласыздар. Түлек оқуға түскеннен кейін Қарулы Күштердің қатарында үзбей қызмет етуге 10 жылға келісімшарт жасайды. Осы келісім шарттың жүзеге асуы барысында мемлекеттен тиісті қаржылай жеңілдіктерді пайдалана отырып, тегін әскери баспана алуға қол жеткізе алатындығын басты назарларыңызға алғандарыңыз және балаларыңыздың қызметке тұрып өсуіне жақсы ықпал ететіндігін ата-аналардың ескергендері жөн болмақ.

Сонымен қатар биыл Ресей Федерациясының әскери жоғарғы оқу орындарына түлектерді қабылдайтын болады.

1. Әскери Университет (Москва қ.) әскери оркестр дирижеры мамандығы.
2. А.Ф. Можайский ат. Әскери –космос академиясы , (Санкт-Петербург қ.) Астрономогеодезия мамандығы.
3. Дене шынықтыру мәдениеті (Санкт-Петербург қ.)
4. Астрономогеодезия мамандығы (Санкт-Петербург қ.) әскери қолданбалы дене дайындығы, тау спорты мамандығы.
5. Инженерлік –техникалық әскери институт , (Санкт-Петербург қ.) құрылыс мамандығы бойынша
6. Түркия Қарулы күштерінің құрлық әскерлері училищесі (Анкара қ.)
7. Ереван мемлекеттік медициналық университетінің әскери-медициналық факультеті (Ереван қ.) қарулы күштер қатарындағы емдеу ісі мамандығын меңгереді. Әскери оқу орындарын оқуға түсуге өз еліміздің әскери оқу орындарымен қатар Ресей Федерациясы, Қытай және Армения елдерінен бөлістер бөлінгендігін назарларыңызға ұсынамыз.

Сіздерді толғандырған тақырыпқа сәйкес мәселелер болса төмендегі жұмыс телефоны арқылы хабарласуларыңызға болады. 23-1-11. 21370.

Арғынбек АҚТАЙЛАҚҰЛЫ,
Тайынша ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің алғашқы әскери дайындық, жауынгерліктен тыс жұмыс, әскери-техникалық мектептер жөніндегі инспекторы .

ТЕХНИКАЛЫҚ ТЕКСЕРУЛЕР

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2015 жылғы 30 наурыздағы №4-3/269 «Жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқау қағидаларын және олардың базасында дайындалған шасси мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды бекіту туралы» бұйрығының негізінде жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқауға көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүзеге асыратын машиналар жатады және «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі» КММ белгіленген кестеге сәйкес машиналардың орналасқан жері бойынша тікелей жүргізіледі (келісім бойынша). Ауыл шаруашылығы техникасын жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу үшін www.elicense.kz сайты арқылы белгіленген мерзімге дейін 2 (екі) күннен кешіктірмей электрондық форматта өтініш беру қажет.Қосымша ақпарат «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі» КММ-нің http://oshv-tsh.sko.gov.kz сайтында орналасқан немесе 8(715)36 22-8-66, 21-4-70 телефондары арқылы хабарласа аласыз.

Өткізу күні	Ауылдық округтің атауы	
24.03.2023	Абай	ЖШС, ШҚ, ФХ, жеке тұлғалар
27.03.2023	Амандық	ЖШС, ШҚ, ФХ, жеке тұлғалар
28.03.2023	Алабота	ЖШС, ШҚ, ФХ, жеке тұлғалар
29.03.2023	Чкалов	ЖШС, ШҚ, ФХ, жеке тұлғалар
30.03.2023	Донецк	ЖШС, ШҚ, ФХ, жеке тұлғалар
31.03.2023	Миронов	ЖШС, ШҚ, ФХ, жеке тұлғалар
03.03.2023	Тихоокеан	ЖШС, ШҚ, ФХ, жеке тұлғалар
04.04.2023	Зеленогай	ЖШС, ШҚ, ФХ, жеке тұлғалар
05.04.2023	Киров	ЖШС, ШҚ, ФХ, жеке тұлғалар
06.04.2023	Яснополян	ЖШС, ШҚ, ФХ, жеке тұлғалар
07.04.2023	Краснополян	ЖШС, ШҚ, ФХ, жеке тұлғалар
10.04.2023	Рощинск	ЖШС, ШҚ, ФХ, жеке тұлғалар
11.04.2023	Келлер	ЖШС, ШҚ, ФХ, жеке тұлғалар
12.04.2023	Летовочный	ЖШС, ШҚ, ФХ, жеке тұлғалар
13.04.2023	Драгомиров	ЖШС, ШҚ, ФХ, жеке тұлғалар
14.04.2023	Большеизюм	ЖШС, ШҚ, ФХ, жеке тұлғалар
17.04.2023	Теңдік	ЖШС, ШҚ, ФХ, жеке тұлғалар
18.04.2023	Чермошнян	ЖШС, ШҚ, ФХ, жеке тұлғалар

Теміржолға жақын орналасқан ауыл тұрғындарына түсіндіру жұмыстары

Тайынша станциясындағы Желілік полиция бөлімшесінің қызметкерлері ауылшаруашылық кәсіпорындарында, теміржол жолдары маңында орналасқан ұйымдарда, теміржол маңында орналасқан ауыл тұрғындарымен және мал бағып жүрген жұмысшыларға тұрақты түрде түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

Бүгінде бақылаусыз мал жаю, оның теміржол бойында пайда болу мәселесі өзекті болып қала береді. Пойыздардың үй жануарларымен соқтығысуы олардың өліміне әкеп соғады, сонымен қатар пойыздар қозғалысының қауіпсіздігіне қауіп төндіреді және экономикалық зиян келтіреді, теміржол және облыстың ауылшаруашылық кәсіпорындары, сонымен қатар жолаушылар пойыздарының жүру кестесін бұзады. Сонымен қатар, шұғыл тежеу немесе соқтығысу нәтижесінде жолаушылар мен локомотив бригадаларының қызметкерлеріне зақым келу қаупі бар. Мал иелері үй-жайларға, қоршауларға малдардың рұқсат етілмеген түрде шығуына жол бермеу үшін осы үй-жайларды жақсы жағдайда ұстауға міндетті. Сонымен, Тайынша станциясындағы ЖПб патрульдік полиция тобының полицейі полиция сержанты В.Р. Дробовской теміржол маңында орналасқан ауыл тұрғындарымен және мал бағып жүрген жұмысшыларға

«Теміржол арқылы ат-арба көлігімен (шаналармен) өту және жүк артылған, міниС малды және табынды айдап өту, теміржолдардың бөлінген жолағында мал жаю қағидаларын бұзу» ҚР ӘҚБтК 559 бабы 1 бөлігі бойынша әкімшілік жауапкершілік туралы әңгіме өткізді.

Тайынша станциясындағы желілік полиция бөлімшесінің қызметкерлері теміржол маныңда тұратын барлық тұрғындарға үй жануарларыңа сақ болуына, оларды теміржол мен электржелілері маңына жібермеуіне ескерту жасайды.

Д.Қ. ӘМІРЖАНОВ,
Тайынша стансасы ЖП бөлімшесінің бастығы
полиция капитаны.

*Жас кәсіпкерлерге кеңес

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР – БІЗДІҢ БОЛАШАҒЫМЫЗ

XXI ғасыр – ғылыми-техникалық прогрестің қарыштайтын дәуірі болмақ. Ақпараттық технологиялар адамға жаңа мүмкіндіктер сыйлап, өмір салтымызды өзгертуде. Заманауи құрал-жабдықтар көптеген салада жаңа бетбұрыс жасады. Бұрын дәстүрлі жолмен табыс тауып келгендер енді өз жұмыстарын қайта қарай бастады. Осынау жаһандық үдерістен бизнес те шет қалған жоқ. Сондықтан да мен ойланбастан өз бизнесімді жаңа технологиялармен байланыстыруды жөн көрдім. Бүгінде менің облыс орталығында тұрақты табыс әкеліп тұрған виртуалды шындық клубым бар.

Ең алдымен, виртуалды шындық дегеннің не екеніне тоқтала кетейін. Виртуалды шындық – техниканың көмегімен жасалған әлем. Адам арнайы көзілдірік пен қолғапты тағып, сол әлемге сапар шегіп, ерекше әсерге бөлене алады.

Осыдан бірнеше жыл бұрын мен қаламызда достарыммен, отбасыммен демалып, көңіл көтеретін орындардың аз екенін байқадым. Осылайша сауда үйлерінің бірінде виртуалды шындық клубын ашу туралы идея пайда болды. Ол ойымды жүзеге асыру үшін мемлекеттік қолдауға жүгіндім. Алдымен кәсіпкерлік негіздері бойынша білім алып, өткен жылы “Бизнес бастау” байқауының нәтижесінде жас кәсіпкер ретінде 1,3 млн. теңге қайтарымсыз грант иегері атандым. Қаржыға ие болғаннан кейін алдағы мақсат адам көп жүретін жерден кәсібімді ашуға қолайлы орын іздедім. Тұтынушылардың қолайлылығы үшін соңғы үлгідегі көзілдіріктерді арнайы тапсырыспен алдырдым. Бұған дейін мен жергілікті серіктестіктердің бірінде бас директор болып еңбек еткендіктен, өз кәсібімді өрге домалату да қиын болған жоқ. “Рахмет” сауда үйіндегі шағын клубымыз аз уақыттың ішінде қала тұрғындарының сүйікті орнына айнала бастады. Күн сайын мұнда орта есеппен 20 адам келеді.

Олар жаңа әсерге бөленіп, көңіл-күйлері көтеріліп, виртуалды әлемнің бар ғажайыбын сезініп қайтады. Заман ағымының алға жылжуына қарамастан, виртуалды әлемді мойындамайтындар да бар. Тіпті демалыстың бұл түрін зиянды деп айыптайтындар да кездесіп жатады. Мен бұл пікірмен келісе алмаймын. Виртуалды көзілдіріктер адам денсаулығына ешқандай кері әсер етпейді. Керісінше, көңілін көтеріп, позитивті эмоциялар сыйлайды. Біз бала кезімізде мұндайды армандаған да жоқпыз. Ал бүгінгі жастарға осының бәрі қолжетімді. Қабылдамасақ та, құп алсақ та жаңа технологиялар – біздің болашағымыз. Онсыз алдағы өміріміздің елестету мүмкін емес. Ғылым дамыған сайын демалыстың осындай түрлері кең етек ала бермек.

Виртуалды шындықтың тағы бір пайдасы – балалардың моторикасын дамытады. Бұл әсіресе церебралды сал ауруына шалдыққан мүгедек балалар үшін аса маңызды. Сондықтан да біз виртуалды шындық клубында ерекше қажеттіліктері бар балаларға тегін қызмет көрсетеміз. Ауыр дертке шалдыққан бүлдіршіндер виртуалды әлемде қызықты ойындар ойнап, моторикасын дамытса, өзге кеңістіктің ғажайыптарын сезініп, көңіл күйі жақсарады. Өкінішке қарай, жарымжан жандар өздері қалаған көп жерлерге бара алмайды. Біз олар үшін бұл кедергіні жойып, армандарының орындалуына себепші боламыз. Бүгінде мен өз кәсібімнің 1 жылдағы жетістіктерімен қуана бөлісіп отырмын. Өзімнен бөлек, тағы бір адамды тұрақты жұмыспен қамтыдым. Жалақы, әлеуметтік, салықтық төлемдер уақтылы аударылады. Бизнесімді кеңейтуге мүмкіндіктер де жоқ емес. Жақында осындай орындарды қаланың бірнеше жері мен облыс аудандарында ашуды жоспарлап отырмын. Осы уақыт ішінде ешқандай мәселе де туындаған емес. Кәсіпкер ретінде өзім де кедергілерді алдын ала болжап, айналып өтуге тырысамын.

Бүгінгі жас кәсіпкерлерге де осындай кеңес берер едім. Бизнес бастаған адам ешқандай қиындыққа қарамастан еңбек етіп, алға қойған мақсатынан адаспауы керек. Қиындықтардан қорқудың қажеті жоқ. Керісінше, ол бізді шыңдап, тұлға ретінде жетілдіреді. Осының бәрін орындаған жанның табысқа жетпеуі мүмкін емес.

Мұрат МАРАТҰЛЫ, кәсіпкер.
“Soltüstık Qazaqstan”

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.
Индекс: **65710**
Газет әр аптаның **жұма** күні шығады.

Директор - Бас редактор Гүл НҰРАЛИНА

Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп, №10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 63. Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Солтүстік Қазақстан облысы,
Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй.
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:
8 (715-36) 2-19-99

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың, келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.